



Жалағаш жаршысы



«zhalaғash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Салтанатты шара

Кеше облыс орталығындағы Н.Бекешанов атындағы драма театрда Теміржол көлігі қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысып, сала ардагерлері мен қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады. Аймақ басшысы Мемлекет басшысының көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларына тоқталып, теміржол саласының ел экономикасындағы стратегиялық маңызын атап өтті.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жол – тіршілік көзі. Теміржол болмаса, экономика дамымайды. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән береміз» деп саланы өркендетуді стратегиялық басымдық ретінде айқындаған болатын. Бүгінде елімізде мыңдаған шақырым жаңа теміржол желілері салынып, өткізу мүмкіндігі артуда. Сыр бойындағы болат жолдың тарихы тереңде жатыр. Бүгінде облыстың теміржол кешені заман талабына сай жаңарып келеді. Станциялар мен жол бойындағы нысандар автоматтандырылып, цифрлық жүйеге

СЫР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Жаздың ыстығы мен қыстың аязына қарамастан, болат жолдың бойында үздіксіз қызмет етіп жүрген әрбір қызметкердің еңбегі зор құрметке лайық. Сіздерге барша Сыр жұртының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жауапты да мәртебелі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы.

Салтанатты шарада теміржол саласының бірқатар қызметкері облыс әкімінің алғыс хатымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, Көлік министрлігінің «Құрметті теміржолшы», «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Адал еңбегі үшін», «Кәсібі бойынша үздік», «Үздік жас маман», «Үздік жол шебері», «Үздік байланысшы» төсбелгілерімен, «Құрмет» грамотасымен және ІІІ дәрежелі «Теміржолшы даңқы» медалімен марапатталды.

Жиында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалының

директоры Батырхан Базарбаев сөз сөйлеп, әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Бүгінде өңірдің теміржол саласында 7 мыңнан астам маман еңбек етеді. Облыс арқылы өтетін жүк пен жолаушылар легі, Сыр өңірінің транзиттік әлеуеті жыл сайын артуда.

Аймақтан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізімен қатар, ұзындығы мың шақырымнан асатын магистральдық теміржол желілері өтеді, 15 жолаушылар пойызы пайдалануға беріліп, 100 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар қытайлық «CRRC» компаниясымен бірлесіп, заманауи жолаушылар вагондарын құрастыру жобасын іске асыру пысықталуда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары



ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕ БОЛСЫН

Шомылу маусымы басталғалы елімізде 102 адам суға батып, көз жұмды. Оның ішінде 34 кәмелетке толмаған бала бар. Қайғылы оқиғалардың 85 пайызы рұқсат етілмеген, жабдықталмаған су айдындарында болады. Ведомство мәліметінше, қауіпсіз шомылатын орындар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, әкімдіктер мен өңірлік төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми сайттарында, сондай-ақ 2GIS қосымшасында жарияланады.

Биыл еліміз бойынша су айдындарында жаппай демалу, туризм және спорт үшін 733 рұқсат етілген орын белгіленген. Оның ішінде 294 коммуналдық және 420 жеке жағажай бар. Оның 19-ы спорттық және туристік мақсаттарға арналған. Барлық коммуналдық жағажай халық үшін тегін.

Биыл шомылу маусымы басталғалы бері ТЖМ қызметкерлері патрульдеу барысында 218 адамды құтқарып қалған. Оның ішінде 76 кәмелетке толмаған бала бар.

«ТЖМ, ІІМ және еріктілер ұйымдарының күшімен адамдардың қауіпті учаскелерде қаза болу қаупін азайту мақсатында азаматтардың су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бұзуының алдын алу үшін 39 мыңнан астам рейд пен патрульдеу іс-шарасы өткізілді. Нәтижесінде 1995 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 26 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Қорғалмайтын су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ТЖМ аумақтық бөлімшелерінің күшімен қосымша 233 мобильді құтқару тобы қойылып, сондай-ақ 52 құтқару станциясы жұмыс істеп тұр» делінген ведомствоның ресми ақпаратында.

Жыл басынан бері 30 мың бала жүзу дағдыларына оқытылып, бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр. Сонымен қатар шамамен 249 мың дана көрнекі оқу-ағарту материалдары таратылып, су айдындарында 1445 қауіпсіздік белгісі орнатылған.

«ЖОЖ» ақпарат

Бәрекелді!

«Білімді ұрпақ – елдің жарқын болашағы» деген қанатты сөздің мәні жыл өткен сайын тереңдей түсуде. Өйткені қай мемлекеттің де дамуы ең алдымен сапалы білім мен саналы ұрпаққа байланысты. Ел ертеңің қалыптастыратын басты күш – мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас буын. Сондықтан білім саласына көрсетілетін әрбір қолдау, жасалатын әрбір игі бастама – болашаққа салынған берік инвестиция.

Осы тұрғыдан алғанда, өткен оқу жылы Жалағаш ауданының білім саласы үшін жемісті де жеңісті кезек болды. Оқушылардың білім көрсеткіші артып, ұстаздардың тынымсыз еңбегі нақты нәтижесін берді. Аудан мектептері білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысында облыс көлемінде бірінші орыннан көрінді.

2025-2026 оқу жылында Жалағаш ауданындағы білім беру ұйымдарында жалпы саны 6 885 оқушы білім алды. Оның ішінде 470 оқушы алтын ұясымен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты. Әрбір түлек үшін бұл – балалық шақпен қоштасып, арманға бастар жаңа жолдың басталар сәті. Ал ұстаздар үшін әрбір шәкірттің жетістігі – көп жылғы еңбектің жемісі.

Биыл мектеп бітірушілер арасында білімімен дараланған жастардың қатары аз болған жоқ. Соның дәлелі – 19 оқушының «Алтын белгі» төсбелгісіне ие болуы. Бұл – он бір жыл бойы

ҰБТ: ЖАЛАҒАШ КӨШ БАСТАДЫ



үздік білім көрсетіп, табандылық танытқан шәкірттердің маңдай терінің өтеуі. Сонымен бірге 43 түлек «Үздік аттестатқа» ие болып, оқу озаты екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Өткен оқу жылының ең айтулы жетістігінің бірі – Жалағаш ауданының Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысында облыс бойынша көш бастауы. Бұл көрсеткіш аудан мектептеріндегі білім беру сапасының жылдан-жылға артып келе жатқанын аңғартады.

Жалпы аудан бойынша мектеп бітірген 470

түлектің 414-і, яғни 88,1 пайызы, 2026 жылдың 10 мамыры мен 10 шілдесі аралығында өткен Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Бұл бітірушілердің басым көпшілігі жоғары оқу орындарына түсуге ниетті екенін көрсетеді.

ҰБТ қорытындысы бойынша ауданның орташа балы 85,2 болды. Бұл – облыс көлеміндегі ең жоғары көрсеткіштің бірі. Оның ішінде 99 түлек 100 балдан жоғары нәтиже көрсетіп, Жалағаш жастарының білімге деген құштарлығы мен дайындық деңгейінің жоғары екенін дәлелдеді.

Ал аудан мерейін үстем еткен ең жарқын жетістік – Еңбек ауылындағы М.Байділдаев атындағы №232 орта мектептің түлегі, «Алтын белгі» иегері Альфия Балханұлы Ұлттық бірыңғай тестілеуден ең жоғары 140 балл жинауы болды. Бұл – тек бір оқушының ғана емес, оны тәрбиелеген ұстаздарының, қолдау көрсеткен ата-анасының және тұтас ауданның ортақ жеңісі. Осындай дарынды жастардың жетістігі өзінен кейінгі буынға үлгі болып, талаптанған шәкіртке үлкен серпін беретіні сөзсіз.

Бүгінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу орындарының инфрақұрылымын жақсарту бағытында нақты жұмыстар қолға алынған. Осы мақсатқа 145 миллион теңге бөлініп, аудандағы жеті мектепке ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар бір балабақшаны табиғи газға қосу жүзеге асырылуда. Мұндай жұмыстар білім беру ұйымдарының материалдық жағдайын жақсартып қана қоймай, оқушылар мен тәрбиеленушілер үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балалардың қауіпсіздігі – бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі. Осыған байланысты аудандағы барлық білім беру ұйымы толықтай заманауи бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етіліп, олардың барлығы полиция бөлімінің жедел басқару орталығына біріктірілген. Бұл – төтенше жағдайлардың алдын алып, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік талаптарын күшейтуге бағытталған маңызды шараның бірі.

Бүгінде Жалағаш ауданында білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде

жалғасып келеді. Оқушылардың сапалы білім алуы, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, мектептердің материалдық-техникалық әлеуетін нығайту, заманауи білім беру технологияларын енгізу, осының бәрі бір мақсатқа, яғни бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

Жалағаштың білім саласындағы бүгінгі табысы бір күннің немесе бір жылдың жетістігі емес. Бұл – ұстаздардың жажырлы еңбегі, шәкірттердің талап-талпынысы, ата-аналардың сенімі мен мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың нәтижесі.

Білім бәйгесінде көш бастаған Жалағаштың бұл жетістігі – аудан жұрты үшін зор мақтаныш. Ең бастысы, бұл көрсеткіш алдағы уақытта да білім сапасын одан әрі арттыруға деген жауапкершілікті күшейтіп, жаңа белестерге бастайтын сенімді қадам болмақ.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садьқов бұл жетістікті әріптестерінің еңбегімен, шәкірттерінің ізденісімен байланыстырады. Сондай-ақ ол мемлекет тарапынан салаға қолдаудың қарқынды екенін жасырмайды. Ауданның бас ұстазы Талғат Құрақбайұлы алдағы оқу жылдары да бұл дәстүрді жалғасу үшін аянбай еңбек ететіндерін жеткізді.

Иә, ауданда бұл салада жұмыс жүйелі, нәтижесін көріп отырымыз. Бастысы, басшылық айтқан сөз бен іс қабысып отыр. Ұлағатты ұстаздардың мақсаты ортақ, негізгі міндеті – бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру. Сол сенім үдесінен шығуда қыруар шаруа атқарылды.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

2 ҚОҒАМ

Нәтиже

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕМІСІ

Ішкі істер органдарының қылмыспен күресте басым бағыттарының бірі кезекші тәулікте қылмыстарды ізін суытпай ашу және қылмыстың алдын алу профилактикасы болып табылады. Бұл бағытта Қызылорда облысының Жалағаш ауданында нәтижелі жұмыс бар. Мәселен, биыл І жартыжылдықта жалпы тіркелген қылмыстардың саны өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға азайып, ашылу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 98 пайызға жоғарылады.



учаскелік полиция инспекторларымен 3021 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Оның ішінде ҚР Ішкі істер министрлігінің құқықбұзушылыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын жүзеге асыру бағытында 1179 құқықбұзушылық анықталған.

ҚР-ның «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сай тұрмыстық ортада құқықбұзушылық жасаған адамдарға қатысты 44 қорғау нұсқамасы шығарылса, 9 азаматқа қатысты аудандық сотқа ұсыныс беріліп, олардың барлығына ерекше талаптар белгіленіп, 30 азаматқа ресми алдын ала ескерту шығарылды. Оның талаптарын бұзған 3 азаматқа әкімшілік кодекстің 462 бабына сәйкес шара көрілді.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстарының ал-

дын алу, оған жол бермеу мақсатында ІІО-ның профилактикалық және тізімдік есебінде тұратын тұлғалармен үнемі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде маскүнемдер есебінде тұратын еріксіз емдеу мекемесіне 2026 жылдың есепті мерзімінде 2 азамат маскүнем ретінде танылып, аудандық сот арқылы 6 айға Қызылорда қаласындағы мәжбүрлеп емдеу орталығына жатқызылып, 5 маскүнем учаскелік полиция инспекторларының тұрғындар арасында жүргізілген профилактикалық түсіндірме жұмыстарынан кейін ерікті түрде емдеу орталығына орналастырылды. 182 азамат маскүнем ретінде бөлімнің тізімдік есебінде тұрса, 19 азамат жаңадан маскүнем ретінде есепке алынып, есірткі заттарын медициналық мақсаттан тыс пайдаланатындар санатымен 1 азамат есепке алынды.

Қоғамдық орында алкоголь өнімдерін ішкен немесе мас күйінде жүргені үшін есепті мерзімде 107 дерек анықталып, әкімшілік шара көрілді. Алкоголь өнімдерін өткізу талаптарын бұзған әкімшілік кодекстің 200 бабына сәйкес 12 дерек, ал тиісті рұқсатсыз алкоголь өнімдерін өткізгені үшін әкімшілік кодекстің 463 бабына сәйкес 7 дерек анықталып, барлық іс сотқа жолданып, тиісті шара көрілді. Сонымен қатар аудан көлемінде елді мекендерде жергілікті атқарушы органдармен, аудандық прокуратурамен бірлесіп атқарған жұмыс нәтижесінде 14 ауылдық округ алкоголь өнімдерінен бас тартты.

Жалағаш аудандық полиция бөлімі табиғатты қорғауда да нәтижелі еңбек етуде. Жалағаш аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен жыл басынан бері табиғатты қорғау, экологиялық қылмыстардың алдын алу бойынша 606 құқықбұзушылық анықталды. Табиғатты қорғау бағытында ел көлемінде өткізілген «Үйлдірық», «Браконьер» іс-шаралары барысында арнайы рейдтер ұйымдастырылып, нәтижесінде ҚК-нің 339 бабымен экологиялық қылмыстарға жол берілген жоқ.

Әкімшілік полиция саласында да нәтижелі жұмыс бар. Есепті мерзімде салынған айыппұлдарды өндіру бағытында 1329 әкімшілік хаттама толтырылып, 26 млн 498 мың 268 теңге айыппұл салынып, оның 20 млн 745 мың 920 теңгесі мемлекет пайдасына өндірілді, өндіру көрсеткіші 78,3 пайызды құрайды.

Алдағы уақытта да ауданның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында, халықтың сенімін шығыға қолда бар барлық мүмкіндікті пайдаланып жұмыс атқарамыз. Аудан көлемінде қылмысқа қарсы күресті күшейтуге, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күш саламыз. Полицей – ел қорғаны. Соныдақтан бізде уақытпен санасу деген мүлде болмайды. Мейлінше елдің тыныштығын, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық береміз.

Абзал СЕРАЛИЕВ,
Жалағаш аудандық полиция бөлімі
бастығының орынбасары



Сұхбат

ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі айтарлықтай жаңартылып, үміткерлер үшін барынша ашық әрі қолжетімді бола түсті. Жаңа жүйе конкурстарға қатысу процесін жеңілдетіп, іріктеудің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа жүйе іске асырылғаннан бері мемлекеттік қызметке қызығушылық білдірген үміткерлер ашық портал арқылы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға өтінім беріп, нәтижесімен бос лауазымдардың орны толтырылуда. Мемлекеттік қызметке іріктеу туралы толығырақ ақпараттандыру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ерлген Жәрдемұлы Мәндалиевпен сұхбаттастық.

– **Ерлген Жәрдемұлы, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа «Е-қызмет» жүйесі туралы айтып өтсеңіз. Іріктеу қалай жүзеге асырылады?**

– Мемлекеттік қызметке іріктеу мемлекеттік цифрлық кадрлық жүйенің eduzmet.gov.kz порталында өткізіледі. Конкурстарға қатысу үшін кандидат жүйеде тіркеліп, ЭЦҚ немесе цифрлық сәйкестендіру арқылы аутентификациядан өтеді. Алдын ала кезеңде үміткерлер мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуден өтуі қажет.

– **Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға қатысу үшін қандай заңдар бойынша тест тапсырылады?**

– Үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінен, Қазақстан Республикасының Конституциясынан, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңынан, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнан және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінен тест тапсырады. Заңнамалар бойынша жалпы 55 сұрақ беріледі, оның кезінде 30-ына дұрыс жауап беру және әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап жинау қажет.

– **Жаңа жүйеде конкурс қандай кезеңдерден тұрады?**

– Басшы лауазымдарға үміткерлер алдымен эссе жазады, кейін конкурстық комиссиямен әңгімелесуден өтеді. Осыдан кейін конкурс қорытындысы шығарылады. Ал басшы емес және жұмыс өтілін талап етпейтін лауазымдарға үміткерлер практикалық бағалаудан өтіп, нәтижесі бойынша конкурс қорытындыланады.

– **Жаңа іріктеу жүйесінің негізгі жаңашылдығы қандай?**

– Ең маңызды өзгерістердің бірі – бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазым үш айдан астам уақыт толтырылмаса, заңда көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, конкурс мемлекеттік цифрлық кадрлық жүйе арқылы автоматты түрде жарияланады. Бұл үдерістің ашықтығын арттырып, азаматтардың мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

– **Бұл жүйенің басты артықшылығы неде?**

– «Е-қызмет» жүйесі мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімі толық цифрландырылып, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, конкурстарға қатысу процесі жеңілдеп, уақыт үнемделеді және барлық кезеңдер электронды форматта жүзеге асырылады.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Полицейдинастиясы

Ел тыныштығын күзетіп, халықтың қауіпсіздігі жолында адал қызмет етуді өмірлік мұратқа айналдырғандар қашанда құрметке лайық. Осындай өнегелі отбасының бірі – ішкі істер саласындағы қызметті ата кәсібіне айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап келе жатқан Саламатовтар әулеті. Ата жолын абыроймен жалғаған ұрпақтың тағылымды ғұмыры – бүгінде елге қызмет етудің жарқын үлгісі.

Мәуелі бәйтеректей тамыры кеңге жайылған Саламатовтар әулетінің өмір жолында адал еңбек, тәртіпке беріктік, қызметке деген құрмет ерекше орын алады. Саналы ғұмырын ел қауіпсіздігіне арнаған аға буынның ізін бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып, халық сенімін ақтап келеді.

Саламатовтар династиясының іргесін қалаған Бәкберген Саламатов – бар ғұмырын құқық қорғау саласына арнаған ардагер. Ол ұзақ жыл бойы Жалағаш аудандық полиция бөлімінде жемісті еңбек етті. 1965 жылдан бастап ішкі істер бөліміне қатардағы милиционер болып қабылданып, әр жылдары түрлі жауапты қызметтер атқарған. Уақытша ұстау изоляторының бастығы лауазымына дейін көтеріліп, адал еңбегінің арқасында абырой-беделге ие болды. Ардагер ел құрметіне бөленіп, 1993 жылы майор шенімен зейнетке шықты. Саладағы ұзақ жылдық еңбегі үшін «Милиция үздігі» төсбелгісімен, «Ұлы Жеңістің 20 жылдығы» медалімен, КСРО ІІМ-нің І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, сонымен бірге «Кеңес милициясына – 50 жыл» және басқа да алғыс хаттармен марапатталған. Бәкберген Саламатовты жары Шолпан екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірген. Ұзақ жыл бойы полиция сапында абыройлы еңбек еткен Бәкберген Саламатов 2019 жылы дүние салды. Бүгінде ақсақалдың қызметке адалдығы мен табандылығы ұрпақ жалғастарға ұлы дәстүрдің өзегіне айналды.

Әке жолын жалғаған Бәкберген Саламатовтың



ұлы Бекжан Бәкбергенұлы да ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарды. Ол 1992 жылы полиция қатарына қабылданып, Жалағаш аудандық полиция бөлімінде жедел уәкіл қызметін атқарды. Қызмет барысында кәсіби білігімен, жауапкершілігімен дараланып, түрлі марапаттарға ие болды. Ішкі істер органдарында «Мінсіз қызметі үшін» І, ІІ, ІІІ дәрежелі медалімен, «Кеңестік милицияның 100 жылдығы» медалімен, сондай-ақ облыс, аудан көлемінде бірқатар марапат иеленген. 20 жылға жуық құқық қорғау қызметінде еңбек еткен құрметті ардагер майор шенімен зейнетке шықты. Бүгінде Бекжан Бәкбергенұлы – отбасында қамқор әке. Жұбайы Фарида Омаровамен бірге бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

– Көп жыл ішкі істер органдарында еңбек етіп, саналы ғұмырымды заң мен тәртіпті сақтау ісіне арнадым. Заң бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау жолында күндіз-түні талмай еңбек еттік. Қазір ұлымның да осы салада адал еңбек етіп келе жатқанына шүкіршілік етемін. Жалпы полиция болу – форманы киіп алып, бос жүру емес, елге адал қызмет ету. Погон таққан әрбір қызметкер жауапкершілікті, От-

анына адал қызмет етіп, өзіне артылған сенімді ақтай білуі керек. Полиция қызметкеріне білім де, білік те, білек те керек. Азаматтармен тіл табысып, ұстамды, сыпайы болу да – бұл қызметке қажет қасиет. Мұны үйде ұл-қызға, кейінгі жас әріптестеріме әрдайым айтып, кеңесіммен бөлісіп отырамын, – дейді ардагер.

«Әкеден ұл туса игі, ата жолын қуса игі» демекші, зейнеткердің ұлы, полиция капитаны Абай Бәкберген Жалағаш аудандық полиция бөлімінде аға тергеуші лауазымында. Тәртіп сақшысы ішкі істер органдарына 2018 жылы қабылданып, бүгінде бұл салада 7 жылдан астам қызмет атқарып келеді. Ел аمانдығын арқалап, тыныштықты қызығшай қорғап жүрген Абайдың әріптестері де мақтан тұтады. Адал қызметімен айналасына үлгі болған жан іскерлігі мен кәсіби шеберлігінің арқасында еңбегі ескеріліп, түрлі марапат биігінен де көрінді. Атасы мен әкесінің еңбек жолын үлгі тұтып өскен ол ел тыныштығын қорғауды саналы түрде тандағанын айтады.

– Құқық қорғау органдары саласын тандауыма атам мен әкем себеп болды. Әулетімізде тәртіп, Отанға адал қызмет ету әрқашан жоғары бағаланған. Бала кезімнен әкемнің формасына

қызыға қарайтынмын. Аға буынның жүріп өткен жолы, олардың елге сіңірген еңбегі – мен үшін үлгі. Өскенде сол кісілердің жолын жалғап, тәртіп сақшысы болуды армандадым. Әкем мені бала кезімнен тәртіп пен жауапкершілікке үйретті. Күнделікті қызметімде әкемнің тәлімін ұстанамын. Зор жауапкершілік жүктелетін осы қызметті таңдап, әке жолын қуғанымды әрдайым мақтан тұтамын, – дейді Абай Бәкберген.

Бүгінде құт дарыған отбасында әртүрлі қызмет иелері жиналған. Әулеттің отағасы мен ұлы полиция қызметкері болса, анасы Фарида Омарова – медбике, ал Абайдың жұбайы Сымбат – ұстаз.

– Полиция қызметін әулеттің дәстүріне айналдыру – тек мамандықты жалғастыру ғана емес, ел алдындағы жауапкершілік пен адалдықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Осындай ортада тәрбиеленген адам форма киюдің салмағын, халық сенімінің қадірін және заңға қызмет етудің мәнін терең түсінеді. Ұрпақ сабақтастығы қызмет сапасына, тәртіпке және кәсібіне деген беріктікке оң әсер етеді. Сондықтан бұл қоғам үшін де, отбасы үшін де маңызды құндылық деп есептеймін, – дейді Абай.

Сонымен қатар осы әулеттің ұрпағы, Бәкберген Саламатовтың ұлы Абылайхан Саламат та ішкі істер органдарында абыройлы қызмет етіп келеді. Тәртіп сақшысы еңбек жолын 2017 жылы Жалағаш аудандық полиция бөлімінде патрульдік полиция қызметінен бастаған. Қазіргі таңда Қызылорда қалалық ПБ қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің учаскелік полиция инспекторы лауазымында қызмет атқарауда.

– Мен үшін әкемнің жолы әрдайым биік тұрады. Кішкентайымнан оның таза, жинақы формада жүргенін, халықтың оған деген құрметін көріп өстім. Сол себепті құқық қорғау саласына келдім. Әкем ел құрметіне бөленген, жанашыр жан болатын. Саламатовтар әулетінің отын сөндірмей, ішкі істер органдарында қызмет етуді жалғастыру – мен үшін мақтаныш, – деді ол.

Абылайхан өзінің өмірлік жарын да осы саладан тапқан. Жұбайы Зарина екеуі бір мамандықты өмірлік кәсіп етіп, қоғам тыныштығын күзетіп жүр. Асыл жары ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында білім алып, 2022 жылдан бастап Қызылорда қаласы полиция

басқармасының қоғамдық қауіпсіздік бөлімінде ювеналды полиция инспекторы қызметін атқарып келеді. Абылайхан келіншегімен қызмет барысында танысып, 2023 жылы шаңырақ көтеріпті. Бүгінде полиция қызметкерлері – ел тыныштығын қорғайтын тәртіп сақшылары ғана емес, отбасының берекесін сақтап, екі ұл тәрбиелеп отырған ата-ана.

Өзара түсіністік пен сыныластығы жарасқан ерлі-зайыптылардың қызметтен бөлек, қызығушылықтары да ортақ. Тәртіп сақшыларын біріктіретін ортақ қасиет – спортқа деген махаббат. Екеуі де спорт пен қызметті қатар алып жүр. Абылайхан кезінде жекпе-жек спорт түрімен айналысқан. Ал келіншегі Зарина спорт мектебін бітірген. Бүгінде ол – ауыр атлетикадан спорт шеберіне үміткер. Бірқатар жетістікке қол жеткізіп, қызметте де, спортта да талай биік белесті бағындырған. Ерлі-зайыпты полицейлер болашақта балаларының да бұл мамандыққа қызығушылық танытып, дәстүрді жалғастыратынына сенеді.

Ұш буынға ұласқан полиция династиясының ұстанымы – шаңырақтың бірлігін сақтап, отбасы абыройын жоғары ұстау. Әулеттің әрбір мүшесі бір-біріне құрметпен қарап, қиын сәтте демеу болып, қолдау көрсете білген отбасында құт та, береке де тұрақтайды деп сенеді.

Таңмен таласа оянып, қатаң тәртіпке бағынған қызмет пен отбасылық өмірді кез келген жанның қатар алып жүре алмасы анық. Ал осындай жауапты әрі мәртебелі мамандықты атадан балаға мирас етіп, абыроймен жалғап келе жатқан әулет – нағыз өнеге.

Бүгінгі мақаламызға арқау болған Саламатовтар әулеті бұл қызметті жай ғана мамандық емес, халық алдындағы қасиетті парыз бен үлкен жауапкершілік деп біледі. Әулеттің әр буыны ел тыныштығын күзетуді абыройлы міндет санап, құқық қорғау саласында адал еңбек етіп келеді. Ата жолын ардақтап, әке өнегесін жалғаған ұрпақтың бойынан Отанға деген адалдық, қызметке деген беріктік анық байқалады. Талай жыл бойы қиын да жауапты салада табандылық танытып жүрген Саламатовтар әулетінің абыройлы қызметі бүгінгі жастарға әрдайым үлгі болмақ.

Толқын ҚАЛАБАЙ

Тарих

ТҮРКСІБ ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?



«Түрксіб» деген атпен белгілі Түркістан мен Сібірді, яғни оңтүстік пен солтүстікті жалғайтын теміржол жобасының идеясы 1896 жылы патша өкіметі кезінде тұтан. 1906 жылы «Барнаул – Семей – Верный – Пішпек – Меркі – Луговой – Арыс» теміржол құрылысына арнайы қаржы бөлінеді. 1914 жылы Ресей Теміржол министрілігі қазақтан шыққан тұңғыш инженердің бірі Мұхаметжан Тынышбаевты «Арыс – Пішпек» теміржол жобасының басшысы етіп тағайындайды. 1917 жылы төңкеріс бүрк ете калғанда теміржол құрылысы Бұрное стансасына жеткен еді. Кейін жұмыс жалғастырылып, 1924 жылы «Луговой –Пішпек» желісі іске қосылды.

Токтап қалған жобаны сол кезде жұлдызы жарқырап тұрған Тұрар Рысқұлов қайта жандандырады. Ол 1926 жылы Ресей Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары болып Мәскеуге барысымен Түркісібіті салуды қолға алды. Бұл істі ұйымдастыру үшін «Түркістан Сібір» теміржолын салуға жәрдемдесу комитеті (КомСод) құрылып, Т.Рысқұлов оның төрағалығына бекітілді. Орталықтан қажетті қаржы, жұмыс және техника күші бөлінді. Түрксіб теміржолының Қазақстанның экономикалық күш-қуатын арттырудағы қажеттілігін жете түсінген Тұрар Рысқұлов 1924 жылдан бұл желінің ерекше маңызына айрықша назар аударып келді.

Жалпыды Тұрар 1927 жылы Луговойға келіп, киын өткізіп, ұғит-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түрксіб құрылысы екі жақтан, Семейден, оңтүстікте Луговой стансасынан басталатындықтан, жалпы құрылыстың екі басқармасы – оңтүстік және солтүстік басқармалары құрылды. Қазақтың біртуар азаматы, инженер Мұхаметжан Тынышбаев оңтүстік басқармасының жобалау-іздістіру жұмыстарының басшысы қызметіне тағайындалды.

Жобаның жұмыстарын қайта жүргізу үшін 14 партия құрылып, оның алтауы – Пішпек, сегізгі Семей жақтан теміржол салынатын жолды қайта қарап шығып, ескі жобаға түрлі өзгеріс пен түзету енгізді. Жобалық-іздістіру жұмыстарын жүргізу барысында «Пішпек – Алматы» арасын байланыстыратын бірнеше жоба жасалады. Қорлай жобасы Луговойдан шыққан теміржол «Пішпек – Қордай – Отар – Алматыны» жалғайды. Ал Шоқпар жобасы «Луговой – Шу – Шоқпар – Отар – Алматы» бойынша өтіп, қырғыз жеріне кірмейді.

Т.Рысқұлов басқарған арнайы комитет Түрксібті «Пішпек қаласынан Қордай арқылы асыру жобасын тиімсіз, 20-30 шақырым жердің тауын бұзып, тасын жарып жол салу ауыр, мол қаржы, көп күшті талап етеді әрі қыстың боранды күндерінде қар үріп, жолды жауып тастайды» деп Шоқпар жобасына басымдық беріп, оны Луговойдан Алматыға Шу арқылы тарту жөнінде шешім қабылдады.

Түпкілікті шешім үшін, яғни Шоқпар немесе Қордай жобаларының бірін таңдауға тек мамандар ғана емес, Қазақстан мен Қырғызстан басшылығы мен жұртшылығы арасында қызу талас болды. Шоқпар жобасының жеңіске жетуі 22 млн сом үнемдеуге, құрылысты мерзімнен 1 жыл бұрын аяқтауға мүмкіндік береді. Теміржол отын ретінде ол кезде маңызды сексеуіл мол Мойынқұмға жақын өтеді делінгенмен, Қазақстан мен Қырғызстан басшылығы арасындағы ымырасыз күрес орын алды. Бұл бәсекелестікте шешуші рөлді Т.Рысқұлов, С.Қожанов-тар атқарып, оны қазақтың пайдасына шешіп берді. Нәтижесінде бұл жоба біздің Шу стансасын аймақтағы маңызды теміржол торабы стансасына, ал Пішпекті теміржол тұйығына айналдырады.

Түрксіб тарихын зерттеген М.Пойн деген америкалық ғалым Т.Рысқұловтың шешуші ролі туралы «Нәтижесінде Совнарком жаңындағы «Түркістан – Сібір» теміржолын салуға жәрдемдесу комитеті (КомСод) құрылды, ол оның төрағасы ретінде Т.Рысқұлов (бастаған Сібір өлкесі, Өзбек КСР және Қазақ КСР үкіметінің өкілдерінен тұрды. Т.Рысқұлов комитеттің теміржол бағытын салу және оны қаржыландыру, кадрларды іріктеу және жергілікті өнеркәсіпті қайта құру саясаты сияқты маңызды мәселелер бойынша шешуші рөл атқарды. Ол Түркісібіті саяси сүйемелдеу ретінде әрекет етті» деп жазды.

Халық комиссарлар кеңесі 1927 жылдың ақпан айында Түрксіб құрылысын «екпінді құрылыс» деп жариялап, оны қамтамасыз ету және қаржыландыру жағынан артықшылық берді.

Түрксіб теміржолы 1930 жылдың сәуір айында Талдықорғанға жетер тұстағы «Өгіз-Қорған» деген жерде түйісті. 1926 жылдың желтоқсанынан 1931 жылдың қазтар айы аралығында 1440 шақырым теміржол төселді. Социалистік тәсілмен «Өгіз-Қорған» стансасының аты «Айнабұлақ» деп өзгертілді.

Құрылыстың жалпы құны 1930 жылғы баға бойынша 203,5 млн сомға құраған, яғни 1 шақырым теміржол 141 мың сом тұрған. Өсіне, бұл сандардың қазіргі оқирман үшін ешқандай мағынасы жоқ. Бірақ салыстырмалы түрде алғанда, ол кезде Қазақстан жылына 20 млн сом шамасында салық жинайтын.

Шу стансасының негізі 1928 жылы Тоғай ауылының қасында қаланды. Оның тұрғындарын негізінен теміржолда істейтін Ресей мен Украинадан көшіп келген жұмысшылардың отбасылары құрады.

Түрксібті салудың басты мақсаты Кеңес одағының мақтаны шетелдерден сатып алуға тәуелділігін жою үшін оңтүстік республикалардағы егістік жерлерді мақтаға босатып, ал ол жерлердегі халыққа қажет бидайды Сібірден, Қазақстаннан жеткізу болатын.

Түрксіб құрылысы туралы бұл ақпарат айдың бергі күн түсетін жағы, ал көлеңке жағының бейнесі қандай еді?

Ұлттық аймақтарда орналасқан ірі өндірістік жобаларды жүзеге асырғанда «жергілікті кадрлар жоқ» деген желеумен ішкі Ресей мен Украинадан жұмысшылар

әкелу коммунистердің сүйікті тәсіліне айналды. Бұл патшалық отарлық саясаттың «халықтар достығы» деген жабумен қайта жандануы еді. Құрылысқа бүкіл Кеңес одағынан жұмысшылар ағылып келген, бір уақытта бұл жобада 50 мыңға дейін адам істеген деген мәлімет бар.

Қазақ негізінен қара жұмыспен айналысқан. М.Пойн Т.Рысқұловтың жұмысқа қазақты тарту үшін қажырлы еңбек еткенін атап өтеді. Оның айтуы бойынша, «КомСодтың негізгі жұмысы кадр мәселесін қарастыру болды. Қазақстан жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссариатпен күресінде Түрксіб мындаған қазаққа жұмыс беріп, оларды өнеркәсіптік еңбекке баулиды» деген үмітпен табанды және табысты болды. Қазақты құрылыс жұмыстарына тарту қазақстандық пролетариаттың натиивиясы бойынша ең маңызды проблема болып табылды. Теміржол құрылысы шеткері аймақта жергілікті тұрғындардан жұмысшы табын құруға мүмкіндік береді және көшпелілердің отырықшылыққа көшуіне ықпал ететін болады. Құрылыс үшін он мыңдаған қара жұмысшы қажет болғандықтан қазақтың елеуір санын жинаған жағдайда Түрксіб жергілікті құрылыс кадрларының көрпұсын жылдам құру перспективасын берді.

Жергілікті билік «алып құрылыс қазақ социалистік пролетариатының, яғни жұмысшы табының қалыптасуына септігін тигізеді» деп күткенімен, Кеңес одағының Наркомпуть министрлігі жұмысшылардың 75 пайызын ішкі Ресейден әкелуді ұсынды. Құрылыс жұмыстарына жергілікті қазақты тарту өте тартысты өтті. Орыс жұмысшылар өз біліктілігімен бөліседі, қазақ пролетарлар табы қалыптасады деген үміт ақталмады. Жұмысқа алынғанның өзінде де қазақ еңбекшілері жер қазу, тас сындыру секілді тек ауыр да қара жұмысқа тартылды. Ресейдің ішкі жағынан келген орыс жұмысшылары басқа тілде сөйлейтін, діни басқа көшпелілермен өзара түсіністік орната алмады. Қазақ жұмысшылары кәсіподақ, кооперативтерге кіргізілмеді. Олар жұмысты артп етпінде атқарды. Артель басында орыс бригадирлері тұрды. Қазақ жұмысшылары үшін жергілікті ауа райы үйреншікті, қиындыққа төзімді, тапсырылған жұмыс көлемін талап етілген мерзімде орындағанымен, оларға жалақы уақтылы төленбеді, қол көтеру, табыстарын иемденіп кету фактілері орын алды, олардың арыз-өтініштері мүлдем қарамады.

Кеңес өкіметі өндірісте алғаш рет пайда болған қазақ жұмысшыларының одан да көптеп келуін қамтамасыз ету мақсатында оларға Қызыл армия ардагерлері, жас жұмысшылар мәртебесін берді. Бірақ ұлттық азшылықты өздерінен кем санайтын орыс жұмысшылар қазаққа берілген жеңілдіктерді кірпідей жиырылып теріс қабылдады.

Кеңес өкіметінің «жергіліктендіру» саясатына сәйкес алып құрылыс жұмысына қатыса бастаған қазақ еңбекшілеріне басқа ұлттардың өпкенділігі адам айтқысыз еді. Олар кем дегенде қазақпен сөйлескенде дөрекі, боғауыз сөздерді қолданып, шектен шыға астамшылық көрсететін. Орыстың ең сүйікті ісінің бірі асханаларда пошканын майын қазақтың аузына, алдындағы нананы кенеттен жағып жіберу болатын.

Шетелдік ғалым М.Пойн «Қазақ үстірт мұсылмандар саналғанымен, діни шектеулерді бұлжытпай ұстанатын. Қазақ үшін доңыз етін жемеу мұсылман болып қалуы білдірді. Бұл өз болмысын сезінумен тікелей байланысты еді» деп әділ жазды.

Қазақ жұмысшылары бірден пролетариатқа айналып кеткен жоқ. Олар ата дәстүрі бойынша мініс ат, тазы ұстауға тырысты. Мас орыс тарапынан тазы иттердің құйрығын кесіп, аттарын далаға айдап жіберу оқиғалары орын алған.

1928 жылдың 31 желтоқсанында Түрксібтің Сергиополь тармағында үлкен ұттаралық қақтығыс орын алды. Жұмыс орындары үшін қарамақал бәсекеге түсуге, өз мамандықтарын үйретуге наразы 400-ге жуық орыс жұмысшылар көздеріне түскен еск келген қазақты ұрып-соға бастайды. Олар бұдан бұрын қазақ жұмысшыларына өз мамандықтарын үйретуге үзілді-кесілді қарсы шыққан еді. Олар аборигендерді, яғни жергілікті тұрғындарды жек көрді және олардан қауіптенді. «Қазақты қазақ болғаны үшін емес, еуропалықтар болмағаны үшін жек көрді» деп көрсетеді М.Пойн.

Жергіліктендіру саясатына сәйкес қазақтың Түрксібтегі жұмыс орын-дарының кем дегенде жартысын құрауға қақысына қарамастан, құрылысты жүргізушілер үкімет нұсқауларының жүзеге асуына барынша кедергі жасады. Құрылыс барысында жұмысшылар ғана емес, жобаның әкімшілігі тәрпынан осындай расистік көптеген іс-әрекет орын алады. Қазақ шарасыз ұттаралық араздықты тоқтату мүмкін еместігін түсінген билік Сергиополь бүлігін бастағандарды өлім жазасына кесті.

Түрксіб құрылысын индустриаландыру, ұжымдас-тыру және тап күресінің қолдан құшейтілген кезін-де, зиянкестерді, буржуазиялық ұлтшыларды қуу ұрандарымен жүзеге асырылды. Қазақ халқы Түрксіб және оның құрылысына қазақ табиятына жат, бөтен, бойтанас дүние ретінде қарағанымен, сол жылдары күшпен жүргізілген ұжымдастыру және күштеп

отырықшылыққа көшіру, жоқшылық, алдағы аштық қауіп қазақтың кедей топтарының құрылысқа келуіне үлкен әсер етті және түрткі болды. «Құдай жүгіртпеген сиырды бұзау жүгіртеді» дегеннің кебі осы шығар?

Құрылыс негізінен жатақтар және малы жоқ қазақ кедейлері ағылып келді. Сол кездегі статистика олардың көпшілігі 30-дан аспаған, үштен бірі 20-дағы қазақжастары еді. Ғайыптан жұмысшылар арасында әшкереленген ба балалары тап жауларын қуу ңауканының шенгеліне ілікті. Көшпелілердің «Қосшы» кооператив қоғамы республиканың ең алыс түкпірлеріндегі қазақ жастарын құрылысқа тартуға күш жұмсады. Сергиопольдегі ұттаралық қақтығыс кенестік билікке тап жауларына қарсы күресті күшейтуге сылтау болды. Атаман Дутовтың құйрыштықтары, актив-дишшыларды іздеумен қатар бай-молда тұқымдарын әшкерелеу науқаны қоса жүргізілді.

Екінші жағынан қазақ жұмысшыларының ауыр жұмыс үшін аз ақы алуы, тұрмыстық жағдайын жақсартуды талап етпеуі, кәсіптік жағынан болашақтарының бұлыңғырлығы Түрксіб құрылысының басшыларына қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді. Қазақ еңбекшілерінің сондай нашар тұрмыстық жағдайларға шыдауы олардың бұрын одан да киын өмір сүргендіктерімен, сіңірі шыққан кедейлер арасынан шыққандықтарымен түсіндірсе болды.

Басқа ұлт мамандары қазақ нашар жұмысшылар, олардан пролетариат шықпайды, құрал-жабдықтармен жұмыс істей алмайды, шай шуге көп уақыт жұмсайды және т.б. деп көпе-көрнеу теріс баға берді. Қазақ бригадалары ең ауыр жұмысқа жегілді, орыс жұмысшыларынан үш есе кем жалақы алды. Өздерінің заңды құқықтарын білмеген сауатсыз қазақ жұмысшылары алаяқтардың жеңі болды. Қазақтың өндіріске тез өнуіне олардың орыс тілін жете білмегендіктері де кедергі келтірді. Т.Рысқұловтың қазақ жұмысшыларына қажетті құралдарды беріп, оны меңгеруге уақыт берсе, олардың еңбек өнімділігі орыс жұмысшыларымен теңеседі деген тұжырымдамасын «Атбасар» түрлі түсті металдар зауытының құрылысы кезінде дәлелденген еді. Қазақ жұмысшылары бір-екі айдың ішінде білікті жұмысшылар деңгейіне көтеріле білген.

Т.Рысқұловтың тікелей араласуына қарамастан, Түрксіб құрылысына тартылатын жұмыс күшінің 50 пайызын жергілікті қазақ құрауы керектігі туралы бұйрық іс жүзіне асқан жоқ. Статистикалық мәлімет бойынша, қазақ жұмысшылар жалпы жұмыс күшінің Түрксібтің солтүстік бөлігінде ең көп дегенде 26 пайызын, оңтүстік бөлігінде 20 пайызын ғана құраған.

Құрылыстың соңына қарай Түрксіб қызметкерлерінің арасында басшылық мансаптарында бар болғаны 145 оқыған қазақ жұмыс істеді. Бұл барлық басшылық қызметкерлерінің 5 пайызы ғана еді. Олардың 25-і жоғары мансаптарды иеленді. Техникалық персоналдың 8,2, әкімшілік қызметкерлерінің 8,7 пайызын қазақ құрады.

Қазақ жастары білікті жұмысшылардың деңгейін де, жоғары техникалық мамандықтарды да жылдам игере алатындықтарын көрсетті. Аштық апатынан қазақ санының кеміп, республика тұрғындарының 35 пайызын құрағандығына қарамастан, елдегі өнеркәсіп жұмысшыларының 41 пайызы қазақ жұмысшыларынан тұрды.

Түрксіб теміржолы жобасы 1926 жылдың соңында басталып, 1931 жылдың қаңтар айында іске қосылған кезге дейінгі аралықта Қазақстанда түбүрі өзгерістер орын алды. Байлар тап ретінде жоюылып, ұжымдастыру халықтың бұрынғы өмір сүру салтын бұзып, көптеген ауданда азық-түлік жетіспеушілігі орын ала бастады және ашаршылық 1932-1933 жылдары Шу бойында қаһарына мінгенде осы жолмен әрлі-берлі жүйтікпен қарабалар жергілікті халықты құтқару үшін бір қап бидай да әкелген жоқ.

Түрксіб теміржол құрылысын сөз еткенде Шу стансасынан Мойынқұмға сұғына салынған ұзындығы 230 шақырымдық «үзкоколейка» туралы айта кету керек. Жергілікті кадрлар осы теміржол бағытын ұзақ жылдар басқарды.

Мойынқұм құмдарындағы теміржол 1928-1956 жылдары жұмыс істеді және сексеуілді әкетеуге арналған жоба болды. Құмда сексеуіл қирату бұрын-сонды болмаған ауқымда жүзеге асырылды. Тракторлар жүспен жүрді, артынан ауыр шыныжыр сүйреп апарды. Сексеуіл тамырымен жұлынып, шұңқырлар қалды. «Үзкоколейкада» тот басқан рельстер, шіріген шпалдар сақталған.

Қорытындылай келе, Түрксіб теміржолының басқа бағытта емес, Шу арқылы өтіп, Шоқпар асуынан әрі қарай Алматыға бет алуына Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, С.Қожановтардың ықпалы зор болған. Бұл азаматтардың Шу вокзалында кем дегенде барельефтері тұруы керек емес пе?

Қайрат СӘКН,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Біле жүріңіз

Отбасы – қоғамның негізгі тірегі. Әрбір бала ата-анасының қамқорлығында өсіп, толыққанды өмір сүруге құқылы. Алайда кейбір жағдайларда ата-аналар арасында некеңің бұзылуы немесе басқа да себептерге байланысты бала бір ата-ананың тәрбиесінде қалады. Мұндай жағдайда екінші ата-ананың баланы материалдық жағынан қамтамасыз ету міндеті алимент төлеу арқылы жүзеге асырылады. Алимент институты баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құрал болып табылады.



АЛИМЕНТ: АТА-АНАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ МАҢЫЗДЫ КӨРІНІСІ

АЛИМЕНТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Алимент – заң бойынша бір адамның екінші адамды материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін төлейтін ақшалай қаражаты. Көбінесе алимент ата-аналардың көмелетке толмаған балаларын асырауына байланысты төленеді. Сонымен қатар кейбір жағдайларда алимент еңбекке жарамсыз ата-аналарға, жұбайларға немесе басқа да отбасы мүшелеріне төленуі мүмкін. Негізгі мақсаты – баланың өмір сүруіне, білім алуына, денсаулығын сақтауға және жан-жақты дамуына қажетті жағдай жасау.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ МІНДЕТІ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар балаларын асырауға міндетті. Бұл міндет ата-аналардың некеде болуына немесе ажырасуына қарамастан сақталады. Егер ата-аналардың бірі баламен бірге тұрмаса, ол баланы материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін алимент төлеуі тиіс.

Алимент төлеу екі жолмен жүзеге асырылады. Тарқатып айтсақ, ата-аналардың өзара келісімі арқылы және сот шешімі арқылы жүзеге асады. Егер тараптар өзара келісімге келе алмаса, алимент оңдирту туралы талап сотқа беріледі. Алимент мөлшері төлеушінің табысына байланысты белгіленуі мүмкін. Жалпы тәжірибеде бір балаға табыстың төрттен бірі, екі балаға табыстың үштен бірі, үш және одан көп балаға табыстың жартысына дейінгі бөлігі өндіріліп алынады. Кейбір жағдайларда сот тараптардың материалдық жағдайын ескере отырып, алиментті нақты ақшалай сомамен де белгілей алады.

Алимент төлеу – заңмен белгіленген міндет. Егер борышкер алимент төлеуден жалтарса, оған қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады. Мәселен, банктік шоттарына шектеу қою, жалақысынан ұстап қалу, мүлкіне тыйым салу, елден шығуына уақытша шектеу қою. Ұзақ уақыт бойы алимент төлемеген тұлғалар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

АЛИМЕНТТІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Алимент баланың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз етуге көмектеседі. Оған азық-түлік, киім-кешек, оқу құралдары, медициналық қызметтер және басқа да қажетті шығындар кіреді. Сондықтан алимент тек қаржылық төлем ғана емес, ата-ананың өз баласы алдындағы жауапкершілігінің көрінісі болып табылады. Баланың толыққанды дамуы үшін екі ата-ананың бірлесіп алып табылады. Алимент төлеу арқылы ата-ана өз міндетін орындап қана қоймай, баласының болашағына үлес қосады.

Қорыта айтсақ, алимент – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған маңызды құқықтық механизм. Ол ата-аналардың баланы асырау жөніндегі міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қоғамдағы әрбір ата-ана өз баласының материалдық және рухани дамуына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Себебі балаға көрсетілген қамқорлық – оның жарқын болашағының кепілі.

Алмат ЕРСАРИЕВ,
жеке сот орындаушы

Хабарландыру!

«Кристалл Менеджмент» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 08.09.2026 ж. 10:30-да Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Желтоқсан к-сі, 7 (мәдениет үйі ғимаратында) 2027 жылға арналған АҚ СҮЛҮТАБАН кен орнының шығарындылары көздерінен ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/79073428211?pwd=hPqJzhAzW6U8b56ZGQubZkYFaFLCc5.1>

Конференция идентификаторы: 790 7342 8211

Колжетімділік коды: 3MQtM7

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, әл. пошта: prd@korda.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей prd@korda.gov.kz электрондық поштасы бойынша және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қабылданады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«Кристалл Менеджмент» АҚ, Алматы қ-сы, Чайковский к-сі, 95.БИН 071240002008

Тел: +77013621320, e-mail: A.NOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК ҚР, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39 БСН 820105301634, Тел. +7777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru

Объявление!

АО «Кристалл Менеджмент» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 08.09.2026 года в 10:30 по адресу Кызылординская область, Жалағашский район, Жалағашский о., ул. Желтоқсан 7 (здание дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ ОТ ИСТОЧНИКОВ ВЫБРОСОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СҮЛҮТАБАН на 2027 год, ПУО, ПЭК, ППМ.

Ссылка на Zoom конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/79073428211?pwd=hPqJzhAzW6U8b56ZGQubZkYFaFLCc5.1>

Идентификатор конференции: 790 7342 8211

Код доступа: 3MQtM7

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания: КТУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», эл. почта: prd@korda.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до начала слушаний по электронному адресу prd@korda.gov.kz и на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности:

АО «Кристалл Менеджмент», г. Алматы, ул. Чайковского, 95.БИН 071240002008

Тел: +77013621320e-mail: A.NOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ

Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА» РК, БИН 820105301634, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39,Тел. +7777 785 13 46e-mail: ecoorda@bk.ru

Кешкі сағат сегіз. Рельс бойына тізілген шамдардың жарығы қараңғылықты қақ жарып, теміржолдың қос табанын ұзаққа созып жатыр. Алыстан естілген пойыздың қоңыр дауысы түн тыныштығын жарып өтеді. Бір сәттен кейін телефон безілдеп қоя берді. Теміржол үшін бұл – үйреншікті дыбыс. Перрон жакка көз салдық. Келген құрамды қабылдау жұмысы басталып кеткен. Әр қозғалыс қарбалассыз, бірақ кідіріссіз орындалады. Теміржолдың жазылмаған заңы – дәлдік. Осы сәтте өз міндетін мінсіз атқарып жүрген маман – Болатбек Тұрлашев. Ол үшін пойыздың келуі де, кетуі де жай ғана қозғалыс емес. Бұл – жүздеген жолаушының қауіпсіздігі мен мыңдаған тонналық жүктің межелі жеріне уақытында жетуіне жауап беретін үлкен сенім.



БОЛАТ ЖОЛДАҒЫ БОЛАТБЕК

Әуелі келіп тұрған құрамды қай жолға қабылдау керектігін есептеді. Жолаушылар пойызының қозғалысына титтей де бөгет болмайтындай етіп маршрутты реттеп, рұқсат сигналы ашылды. Теміржолдағы әр секундтың бағасын білетін маман жұмыстың толық орындалғанына көз жеткізген соң бізге назар аударды.

Болатбек Тұрлашев – осы ауданның тумасы. №123 мектептің түлегі атанып, үлкен өмірге қалам басқан соң Алматыға аттанды. Алғашқы таңдауы құрылыс саласы түсті. Қолына қалаған кәсібінің күшігін алды. Алайда ел түзесіздігін алған алғашқы жылдар оңай болған жоқ. Нарықтың жаңа кезеңі көптеген салаға өз әсерін тигізіп, құрылыс жұмыстарының да баяулаған шағы еді. Сол бір кезең жас маманды жаңа бағыт іздеуге жетеледі. Көп ұзамай Болатбек Ермақұлының өмір жолы теміржолмен тоғысты. Мұны жай ғана жұмыс ауыстыру емес, тағдырдың жаңа бір арнаға бұрылған тұсы деген дұрысырақ.

Ол теміржол саласына келіп, ең алғашқы еңбек баспалдағын пойыз құрастырушы қызметінен бастады. Теміржолдағы әрбір вагонның қозғалысы, әрбір құрамның сапарға шығуы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жас маман осы ортаның тәртібі мен талабын бойына сіңіріп, тәжірибесін шындай бастады. Биыл теміржол саласында жүргеніне 24 жыл толды. Осы уақыт ішінде талай түнгі ауысым артта қалды. Он екі сағаттық кезекшілік – оның күнделікті еңбек өлшемі. Бір сәттік қателікке орын жоқ, бұл салада ол пойыз қозғалысының қауіпсіздігін өмірлік жауапкершілігі деп қабылдап келеді. Рельс бойымен сырғып өткен әр құрамның артында оның қырағылығы мен енебегі бар.

Кейіпкеріміз жауапты аймақтың тынысын жақсы біледі. Тереңөзек пен Қаракеткен аралығындағы теміржол қозғалысын бақылау – оның күнделікті міндеті. Әр пойыздың стансаға қанша уақытта жеткені, қанша минут кешіккені, кешігудің себебі, бәрі жіті сараланып, арнайы баяндалады.

– Теміржолда ұсақ нәрсе болмайды. Желді күндері жылдамдыққа да әсер етеді. Түнімен көз ілмей, ерсілі-қарсылы қозғалысты бақылап отырамыз. Апатсыз жұмыс берілген әр команданың дәлдігіне байланысты, – дейді ол.

Теміржолдағы жауапкершілік тек пойыз қозғалысын бақылаумен шектелмейді. Кезекші маманның айтуынша, бұл салада түрлі кездейсоқ жағдайлармен де бетпе-бет келетін сәттер аз емес.

– Жақында құлаққап тағып, жол бойымен келе жатқан екі қызды байқап қалдық. Дерек барып тоқтатып, қауіптің алдын алдық. Осындай жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан үнемі бәрін бақылауда ұстаймыз, теміржолда қауіптің алдын алу – ең басты міндет. Себебі қозғалыстағы пойыз бір сәтте тоқтай салмайды. Вагон саны мен салмағына қарай оның тоқтауына кемінде 800-900 метр қашықтық қажет. Сол себепті теміржолдағы әрбір ескерту мен әрбір әрекеттің маңызы зор, – дейді ол.

Сол себепті жолаушылар қауіпсіздігі үшін арнайы жоғары өтетін көпір де салынған. Алайда соған қарамастан кейбір тұрғындар қысқа жолды таңдап, теміржол бойын кесіп өтуді әлетке айналдырады. «Бірнеше минут үнемдейміз» деген ой кейде ұлкен қауіпке бастайтынын бәрі бірдей ескере бермейді. Теміржол мамандарының алаңдайтыны да – осы. Себебі пойыздың ескініне қарсы тұру мүмкін емес.

«Қабылданды. Жалағаш – Тереңөзек. Жүп жол. 2750-пикет 5-тен 2751-пикет 2-ге дейін. Жылдамдық – 25 шақырым. Ауа райы +33 градус. Үшінші жол жабық».

Теміржолдың өз тілі бар. Бұл – кезекшінің күнделікті қабылдайтын және беретін баяндауының бірі. Алдындағы үлкен құрылғы – пультоминьлятор. Теміржолдағы барлық қозғалыс осы тетіктер арқылы реттеледі. Берілген нұсқау жасыл таблодан көрініп, әр әрекет белгіленген тәртіппен орындалады. Мұнда бір сәттік қателікке жол жоқ.

Кезекшілік орнында қауіпсіздік үшін әр жағдай алдын ала ойластырылған. Мұнда жарықтың сеніп қалуы деген мәселе болмайды. Арнайы дизельді қондырғы небәрі үш секунд ішінде іске қосылып, жұмысын автоматты түрде жалғастырады. Сол себепті жолдағы пойыз қозғалысы тоқтамайды.

– Тіпті ол жүйе де іске қосылмай қалған жағдайда арнайы «пугетвоу записка» толтырылып беріледі. Ол – келесі бекетке дейінгі қозғалысқа рұқсат ететін құжат. Теміржолда әрбір жағдайдың өз шешімі бар, – дейді Болатбек ағамыз.

Қай пойызды қай жолға қабылдау керек, қай құрамның өтуіне мүмкіндік бар, жылдамдықты төмендетпей, межелі жеріне уақытында жете ме? Мұның бәрі кезекшінің дәл есебімен шешілетін шаруа. Болатбек Тұрлашевтің енебегі бұған дейін де бағаланып, түрлі марапаттарға ие болған. Біз барған күні де оның кәсібі енебегі еленіп, облыс тарапынан арнайы сый табысталып жатқан сәтке куә болдық. Жауапты жұмыстың жемісі де осындай. Бір салаға ғұмырын арнап, жауапкершілік жүгін абыроймен арқаалаған маманның енебегі қашанда қадірлі.

Гүлжан ЕСЖАН

Еңбек адамы

Теміржол – ел экономикасының құрғатамыры. Күн сайын мыңдаған тонна жүк диттеген жеріне дәл осы сала мамандарының жауапкершілігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында уақытылы жетіп жатады. Пойыздың қозғалысы, жүктің қабылдануы, құжаттардың рәсімделуі, мұның бәрі – көзге көріне бермейтін, алайда жоғары жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Осындай жауапты салада қажырлы еңбек етіп жатқан жанның бірі – Әскербек Жарылқасынұлы.

«Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» дейді халқымыз. Адамның қалірі атқарған қызметімен емес, сол қызметке деген адалдығымен өлшенеді. Көзге көрінбейтін, бірақ ел тіршілігінің тоқтаусыз жүруіне өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар аз емес. Олар таңның атысы мен күннің батысын санамай, уақытпен санаспай еңбек етеді.

2003 жылдан бері Әскербек Жарылқасынұлы темір жол саласында жүк қабылдаушы болып қызмет атқарып келеді. Биыл оның осы жауапты салада еңбек етіп келе жатқанына 23 жыл толып отыр. Бұл – тек уақыт өлшемі ғана емес, мыңдаған вагонды қабылдап, сансыз жүкті диттеген жеріне уақытылы жеткізуге өз үлесін қосқан қажырлы еңбектің жемісі.

Теміржолдағы жұмыс дәлдікті, ұқыптылықты, сабыр мен қырағылықты талап етеді. Себебі бұл салада әрбір минуттың, әрбір құжаттың, әрбір вагонның өз жауапкершілігі бар. Осындай сенім жүгін абыроймен арқалап келе жатқан Әскербек ағамыз ұжым арасында тәжірибелі, өз ісінің қыр-сырын жетік меңгерген маман ретінде құрметке ие.

Бір қарағанда бұл жай ғана сан болып көрінуі мүмкін. Алайда осы жиырма үш жылдың ішінде қаншама күндізгі және түнгі ауысым, қаншама пойыз, қаншама жауапкершілік пен маңдай тер жатыр. Әрбір жұмыс күні – үлкен сенім мен міндеттің көрінісі.

«Еңбек еткеннің енесі биік» дейді. Біз де Әскербек ағамыздың жұмысымен жақынырақ танысу мақсатында оның түнгі ауысымына арнайы бардық. Көпшілік тынығып жатқан кезгесте теміржол бойындағы тіршілік бір сәтке де тоқтамайды екен. Бірінен соң бірі келіп жатқан жүк пойыздары, вагондардың қозғалысы, әр жүктің нақты есебі, мұның барлығы үлкен жауапкершілік пен ұқыптылықты талап етеді.

Кейіпкеріміздің айтуынша, олардың жұмысы күндізгі және түнгі ауысым болып ұйымдастырылған. Қай ауысым болсын жауапкершілік бірдей. Себебі жүк тәуліктің кез келген уақытында келеді. Сондықтан әр вагонның уақытында қабылданып, рәсімделуі – негізгі міндет.

Теміржол арқылы ауданымызға қажетті көптеген тауар жеткізіледі. Вагондармен түрлі техникалар, сүт өнімдері, ұн, тұқымдық қара құршы, құрылысқа қажетті материалдар және халық тұтынатын басқа да қажетті жүктер келеді. Әрбір вагонның өз несі, өз құжаты және өз мерзімі болады. Сол себепті келген жүкті кешіктірмей қабылдап, белгіленген

Болат рельстің әр метрі маңдай термен қаланған. Осы жолдың бойында күн мен түннің, аптап ыстық пен аяздың айырмасы жоқ. Өйткені бұл салада уақыт тоқтамайды, ал қауіпсіздік бір сәтке де босануды көтермейді. Көзге көбіне жүйткілген пойыз ғана көрінеді. Ал сол қозғалыстың әр жағында саңтүрлі маманның табанды енебегі жатыр. Бірі жолдың бүтіндігін күзетсе, бірі қозғалыстың дәлдігін қамтамасыз етеді, енді бірі жолаушының амаңдығын өз жауапкершілігіне айналдырады. Теміржолдың беріктігі де, беделі де осындай адал еңбек нелерінің кәсібіне деген құрметінен бастау алады.

Аудан теміржолы талай жылдың таразысынан өткен. Оның бойымен өткен әр пойыз белгілі бір кезекшінің тынысын ала келді. Бірде құрылыс қарқын алған шақтың қарбаласы болса, бірде ел тұрмысына қажетті жүктің легі осы бекеттен тарқап жатты. Болат жол аудан өмірінің талай белесіне ортақ болды.

Газ құбыры тартылмаған жылдары қысқа қамдану ерте басталатын. Жұрт көмір түсетін күнді асыға күтетін. Жаңақорғаннан, Қызылжардан, Екібастұздан жеткізілген көмір мен түрлі жүк вагондары осы бекетке тоқтап, одан әрі ауданның түкпір-түкпіріне жөнелтілетін. Құрылыс материалдары да осы жолмен келіп, талай нысанның бой көтеруіне негіз болды.

Теміржолдың маңызын осындай кезеңдер айқын аңғартады. Бір бекеттің қалыпты жұмысының өзінде қаншама адамның енебегі мен жауапкершілігі тоғысады. Сондықтан бұл саланың мамандары ел тіршілігінің бір тетігін ұстап тұрған жандар десек, артық емес. Осындай жауапкершілікті ұзақ жыл бойы абыроймен атқарып келе жатқан азаматтың бірі – Бақытбек Ембергенов. Жол тоғысының әміршісі Жалағаштың Мәдениет ауылында дүниесі есігін ашты. Қоңыр тіршілікке қанығып өскен ауыл баласының санасына ерте ұялаған ұғым – еңбек еді. Үлкендердің әр ісінен, әр сөзінен өмірдің үнін тыңдап, адалдықтың бағасын бала көңілімен сезініп өсті.

Уақыт өзенінің ағысы оны мектеп табалдырығынан үлкен өмірдің белесіне алып шықты. 1987 жылы №246 орта мектепті тәмамдаған жас жігіт алдағы жолын біліммен жалғауды жөн көрді. Өйткені адамды алға бастайтын да, биіктететін де ізденіс екенін ерте ұғынған еді. Жылдар өте Қызылорда теміржол техникумында машинист мамандығын меңгерді. Білімге деген ықыласы мұнымен шектелмеді. Кейін Алматыдағы Тынышбаев атындағы Көлік және коммуникациялар академиясында инженерлік білім алып, кәсіби танымын кеңейтті.

Өмірдің әр белесі оған бір ақиқатты ұқтырды. Адамды

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК



тәртіппен түсіру – олардың күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі.

Заманауи технологияның дамуы теміржол саласына да жаңа мүмкіндіктер әкелген. Әскербек ағамыз жүктің қай стансада келе жатқанын арнайы компьютерлік бағдарлама арқылы бақылап отыратынын айтты. Бұл жүйе пойыздың қозғалысын бақылауға, келетін уақытын алдын ала білуге және жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді. Вагон бекетке келген бойда жүк тіркеліп, құжаттары тексеріліп, ісесіне дереу хабар беріледі. Мұндай жұмыста қателесуге болмайды. Себебі бір ғана ұқнапсыздық үлкен шығынға алып келуі мүмкін.

Теміржол – тек аудан мен облысты ғана емес, тұтас мемлекеттерді байланыстыратын маңызды қатынас жолы. Кейіпкеріміздің айтуынша, Қазақстаннан Өзбекстанға, Тәжікстанға, Қырғызстанға, Ресейге, т.б. мемлекеттерге түрлі жүктер жөнелтіледі. Әсіресе күріш өнімдері жиі экспортталады. Сондықтан бұл – еліміздің өнімдерінің шетелге шығуына үлес қосып отырған маңызды саланың бірі.

Еңбек жолында есте қалған оқиғалар да аз емес. Соның бірі Әскербек ағамыздың жадында ерекше сақталыпты. Бірде шетелге жөнелтілген күріш вагонының құжаттарын тексеру кезінде сапа сертификаттының түпнұсқасының орнына көшірмесі салынып кеткені анықталды. Халықаралық тасымалдауда мұндай құжаттың маңызы өте зор екенін жақсы түсінген ол уақыт жоғалтпай шешім

қабылдайды. Жүк пойызы жолға шығып кеткенімен, Әскербек ағамыз соңынан Шиеп стансасына дейін барып, қажетті құжатты түпнұсқасына ауыстырып үлгереді. Бұл оқиға оның өз жұмысына деген жоғары жауапкершілігін, кәсіби қырағылығын және қызметіне деген адалдығын айқын көрсетеді.

Осындай сәттерде «жауапкершілік – сенімнің өлшемі» деген сөздің мәні тереңірек сезіледі. Себебі кез келген жұмыстың сапасы оны атқарып тұрған адамның ұқыптылығы мен адалдығына байланысты.

Әскербек Жарылқасынұлы – атақ қуып емес, адал еңбекпен абырой жинаған азамат. Оның өмір жолына қарап, қарапайым еңбектің де үлкен құрметке лайық екенін аңғаруға болады. Жиырма үш жыл бойы темір жол саласында табан аудармай еңбек етіп, ел игілігіне қызмет ету – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс.

«Елдің байлығы – жерінде емес, ең алдымен еңбеккер адамдында» деген тағылымды сөз бар. Расында қоғамның тыныс-тіршілігі осындай қарапайым еңбек адамдарының маңдай терімен жалғасып келеді. Теміржол бойындағы тынымсыз тіршілікке үлес қосып жүрген Әскербек Жарылқасынұлының енебегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, адалдық пен жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

БЕКЕТ ТЫНЫСЫН БАҚҚАН БАҚЫТБЕК



уақыт өте келе мамандыққа, ал мамандық өмірлік мұратқа айналыпты.

1996 жылы еңбек жолын Жалағаш станциясында станция кезекшісі қызметінен бастаған Бақытбек Ембергенов үшін әр жұмыс күні үлкен жауапкершілікпен астасып жатты. Теміржолда қалыпты күн деген болмайды. Әр сәт қырағылықты, әр шешім дәлдікті талап етеді. Сондықтан кез келген уақытта қызметке әзір болу – бұл мамандықтың жазылмаған заңы.

– Теміржолда рельстерді ауыстыру, қозғалыс бағытын қолмен дайындау секілді жоғары күрделі жұмыстар жүргізілетін кездер болады. Ондай сәтте уақытпен санаспай, қай уақытта болса да оқиға орнына жетіп, жұмысты дер кезінде атқаруға дайын тұрамыз. Ал қыс мезгілі келгенде жауапкершілік тіпті еселене түседі. Пойыздың кестеден кешікпей, қозғалыстың қауіпсіз жүруі үшін қар басқан бағыттаушы бұрмаларды дер кезінде тазалап, олардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету – күнделікті міндетіміздің бірі, – дейді ол.

Көпшілік пойыздың диттеген жеріне уақытылы жеткенін ғана көреді. Ал сол қозғалыстың әр минуты осындай көзге көріне бермейтін, бірақ жоғары жауапкершілікті талап ететін еңбектің нәтижесі екенін екінің бірі біле бермейді.

Бақытбек Ембергенов еңбек еткен жылдар теміржол саласының үлкен өзгерістермен бетпе-бет келген кезеңімен тұспа-тұс келді. Көз алдында талай жаңашылдық енгізіліп, бұрынғы жұмыс тәсілдері заман талабына сай жаңарды. Бұрын қозғалыс кестесі де, есеп-қисаптың бәрі қағаз-журналдарға қолмен жазылатын. Әр мәліметті тіркеу көп уақытты қажет ететін. Қазір жағдай мүлде басқа. Барлық жұмыс цифрлық жүйеге көшірілді. Арнайы бағдарламалардың көмегімен қажетті ақпарат санаулы секундтың ішінде экраннан көрінеді. Бұл жұмыстың жеделдігін де, дәлдігін де елеуір арттырды.

Уақыт өзгерген сайын теміржол да жаңаша тыныс алды. Технология жетіліп, жұмыс жеңілдегендей көрінгенімен, маманға жүктер жауапкершіліктің салмағы ең өзгерген жоқ. Қай кезеңде де теміржолдың қауіпсіздігі мен қозғалыстың дәлдігі ең алдымен өз ісіне адал жандардың қырағылығына сүйенетіні анық.

Жылдар адамнан ештеңе сұрамайды. Тек өткен жолына қарап, не жиганын үнсіз таразылайды. Оның да ғұмырының үлкен бір бөлігі теміржолмен қатар өрілді. Биыл – сол жолдың басталғанына тура отыз жыл. Осы отыз жылдың ішінде талай буынмен қызметтес болды. Бірақ қызметтен тыс тағы бір әлемі бар. Ол – отбасы. Бүгінде үш қыз тәрбиелеп отырған әке үшін ең қымбат атақтың бірі де – осы.

Еңбек туралы көп айтуға болады. Бірақ кейде ұзақ сөздің орнын бір адамның өмір жолы алмастырады. Бақытбек Ембергеновтің отыз жылдық еңбек жолы да сондай тағылымға толы. Теміржолшылар күні қарсаңында осындай азаматтардың ғұмырына үнілу арқылы мамандықтың емес, еңбекке деген адалдықтың қадірін танысың.

Ұрлықан ЖУМАДІЛҚЫЗЫ,
сала ардагері

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қолжетімдіге 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2845 Тапсырыс №1305

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ